

Қазығұрт ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 12/80-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 28 наурызда № 6494-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2025 жылғы 25 қарашадағы № 33/195-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 25.11.2025 № 33/195-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Қазығұрт аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазығұрт ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4% - дан 2%- ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазығұрт аудандық мәслихат төрағасы

Т. Калымбетов